

*«2024 – 2026 жылдарға арналған  
республикалық бюджет туралы»  
Қазақстан Республикасының Заңына  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша  
ҚР Парламенті Мәжілісінің пленарлық отырысындағы  
ҚРҰБ Төрағасы Т. Сүлейменовтің баяндамасы  
Астана қ., 2024 жылғы 27 қараша*

**Құрметті Ерлан Жақанұлы!**  
**Құрметті депутаттар!**

Алдымен **әлемдегі экономикалық жағдайға** тоқталайын. Биыл жаһандық экономика геосаяси тұрақсыздық аясында қалыптасып келеді. Біз бірқатар әскери қақтығыстардың салдарынан нарықта жоғары құбылмалылықты, сауда және капитал ағындарында өзгерістерді байқап отырмыз. Бұл жалпы экономикалық динамикаға әсер етуде. Еліміздің экономикасы үшін маңызды фактор саналатын **мұнай бағасының біршама төмендеу** тәуекелі барын атап өтемін.

Бұл тәуекелдерге қарамастан, **Қазақстандағы** қазіргі экономикалық жағдай **жалпы ішкі өнімнің** оң өсуімен сипатталады. Биылғы 9 айда **жалпы ішкі өнім 4,0%-ға** өсті. Өсім экономиканың барлық саласында байқалып отыр.

Инфляция өткен жылғы ақпандағы ең жоғары көрсеткішпен салыстырғанда **2,5 еседен астам** төмендеді. **Алайда, бұл көрсеткіш әлі де Ұлттық Банктің 5% таргетінен алыс.**

**Инфляция** бірнеше ай қатарынан баяулағаннан кейін қазан айында **8,5%** дейін жеделдеді.

**Ақылы қызметтер бағасының 14,3%-ға өсуі** инфляцияның жеделдеуіне көптеп үлес қосты. Бұл «Инвестицияны тарифке айырбастау» бағдарламасы мен бірқатар **нарықтық қызметтердің** қымбаттауына байланысты болып отыр.

Өндіріс шығындары мен импорттық бағалар өскендіктен, **азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы 7,8%-ға** жеделдеді.

Бұл ретте **азық-түлік тауарларының 4,9%-ға** баяу өсуі жалпы инфляцияны біршама **бәсеңдетуге ықпал етті.**

Жалпы алғанда, Ұлттық Банктің ұстамды қатаң ақша-кредит саясаты және Үкіметтің инфляцияға қарсы шараларының нәтижесінде баға динамикасы **біздің болжамымызға сәйкес** қалыптасып келеді. **Осы жылдың қорытындысы бойынша инфляция 8-9%** аралығында қалыптасады деп күтілуде.

Дегенмен, сыртқы секторда да, ішкі экономикада да **болжам бойынша елеулі тәуекелдер** бар екенін атап өткім келеді.

Ішкі инфляциялық факторлардың ішінен – **Ұлттық қордан бөлінетін трансферттер** көлемінің ұлғайғанын ерекше атап өткен жөн.

Бюджет Ұлттық қордың трансферттеріне көп сүйенетінін мән бере айтқан жөн. Осының салдарынан **мұнайдан тыс тапшылық та едәуір болып отыр.** Бұл индикатор еліміз үшін мемлекеттік қаржы теңгерімінің маңызды көрсеткіші саналады.

Биыл Ұлттық қордан тартылған **тікелей трансферттер** көлемі **5,6 трлн** теңгені құрады. Ал Қордан алынған жалпы қаражат **6 трлн** теңгеден асады. Осылайша, Ұлттық қордың түсімдері мен одан алынған қаражат балансы бұзылып отыр. Яғни, **қаражат алу – түсімнен жоғары**.

Бұл елеулі **проинфляциялық фактор** саналатынын бұған дейін де айтқанбыз. Ол бзге **монетарлық саясатымызды мейілінше тезірек жұмсартуға, яғни базалық мөлшерлемені төмендетуге** мүмкіндік бермей отыр. Демек, кредиттердің, соның ішінде **бизнеске арналған кредиттердің ставкасын да түсіруге** мүмкіндік аз.

Осыған байланысты, республикалық бюджет жаңа **Салық кодексін** өзінің мұнайға жатпайтын кірістерін арттыруға және мемлекет **бюджетін теңгерімдеуге жүйелі шаралар** қабылдау құралы ретінде пайдаланғанын құп көреміз.

\* \* \*

### **Құрметті депутаттар!**

Инфляция – бұл **халықтың сатып алу қабілетіне және экономиканың тұрақтылығына** әсер ететін негізгі фактор. Тұрақсыз және жоғары инфляция азаматтардың **жинақтары мен еңбекпен келетін табысының құнсыздануына**, сондай-ақ шетелдік активтерге ауысуға әкеледі.

Бизнес үшін бұл ұзақмерзімді жоспарлауды қиындатады, инвестиция жасауға ынтасын төмендетеді, жалпы

экономиканың өсу қарқынын бәсеңдетеді. Сондықтан инфляциямен күресу және оны тұрақтандыру біздің экономикалық саясатымыздағы негізгі басымдық болып қала береді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Үкіметпен бірге ортақ **саясатымызды үйлестіру бағытындағы жұмысымызды** жалғастыра береміз.

Ұлттық Банк инфляцияның 5% таргетіне жету жолында **негізделген және теңдестірілген шешімдер** қабылдайтын болады.

**Назарларыңызға рақмет!**